

Беларусь / Нац. центр правовой информ. Респ. Беларусь. – Минск, 2021.

2. Козлов, А.П. Соучастие: традиции и реальность. – СПб.: Издательство «Юридический центр пресс», 2001. – С. 69.

3. Курс советского уголовного права: Преступление. В 6-ти томах: Часть общая. Т. 2 / Пионтковский А.А.; Редкол.: Пионтковский А.А., Ромашкин П.С., Чхиквадзе В.М. – М.: Наука, 1970. – С. 454 – 455.

4. Тельнов, П.Ф. Ответственность за соучастие в преступлении / П.Ф. Тельнов. – М.: Юрид. лит., 1974. – С. 50 – 52.

5. Уголовное право. Общая часть : учебник / Н.Ф. Ахраменка [и др.] ; под ред. И.О. Грунтова, А.В. Шидловского. – Минск : Изд. центр БГУ, 2014. – С. 229.

6. Грунтов, И. Субъективные признаки соучастия / И. Грунтов // Суд. весн. – 2006. – № 1. – С. 49.

7. О судебной практике по делам о преступлениях, связанных с созданием и деятельностью организованных групп, банд и преступных организаций [Электронный ресурс] : постановление Пленума Верхов. Суда Респ. Беларусь, 25 сент. 2003 г., № 9 : в ред. постановления Пленума Верхов. Суда Респ. Беларусь от 31.03.2016 г. // ЭТАЛОН. Законодательство Республики Беларусь / Нац. центр правовой информ. Респ. Беларусь. – Минск, 2021.

8. Архив прокуратуры Советского района г. Минска за 2017 г. – Надзорное производство № 17121071430.

ҚАЗАҚСТАНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ НЕГІЗДЕРІНІҢ НЫҒАЙТЫЛУЫ ЖӘНЕ СОТ БИЛІГІ

*Рамашов О.Н., Кыргыз Республикасының Президенті жанындағы
мемлекеттік басқару Академиясының аспиранты*

ҚР Конституциясы бірінші баптан бастап Қазақстанды жоғарғы құндылығы адам, оның өмірі, құқығы және бостандығы деп санайтын, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде жариялағанын атап өту керек. Конституция екі палаталық жүйеден тұратын қазақстандық парламентаризмнің іргетасын қалады, және де Республиканы президенттік басқару нысаны бар біртұтас мемлекет деп бекітіп, мемлекеттік биліктің бөлінуі қағидасын белгіледі. Олар «Қазақстан Республикасының үкіметі туралы», «Сот жүйесі мен

судьялар мәртебесі туралы» конституциялық заңдарда көрініс тапқан [1, б. 30].

Қазақстан Конституциясының жасалуы күрделі жолдардан өтті. С.З. Зиманов, 1992 жылдың қазанынан 1993 жылдың қаңтары аралығында Конституциялық комиссия мүшелері талқылауға Негізгі заң Жобасының 4 нұсқасын ұсынғанын айтады. Конституциялық комиссия құрамына белгілі ғалымдар мен мемлекет қайраткерлері кірген, Н.А.Назарбаев оның төрағасы болған [2, б.60].

Егемен Қазақстанның 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған бірінші Конституциясындағы «Президент» деп аталатын 13 тараудағы 75-тен 83 баптарында ҚР Президентінің құқықтары мен өкілеттіктері анықталған болатын. Мемлекет Басшысы ретінде ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, Республика Конституциясы мен Заңдарының кепілі болып табылады.

ҚР Конституциясының 78-бабының 11-тармағына сәйкес Қазақстан Президенті Республика Жоғарғы Кеңесіне Конституциялық Соттың, Жоғарғы Соттың, Жоғарғы Арбитраждық Соттың Төрағасы мен судьяларының, Бас Прокурордың және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Төрағасының үміткерліктерін ұсынады [2, б.287].

Республиканың XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңесінің өзін өзі таратуы және «Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы қабылданғаннан кейін тарихи оқиғалар өте жылдам өрби түседі. Президент орындалуы уақыт күттірмейтін міндеттерді шешу үшін мүмкіндікке ие болды [3, б.302].

В.Малиновский, жаңа кезеңге өту Президент Н.Ә.Назарбаевтың 1994 жылдың 9 маусымында Жоғарғы Кеңестегі президенттік биліктің ары қарай дамуына көзқарасын білдіріп сөйлеген сөзінен кейін басталғанын атап өтеді. Атап айтсақ, ол сөзінде мемлекет Басшысы ретінде Негізгі Заң – Конституцияны, азаматтардың құқықтары мен міндеттерінің кепілі болғандықтан Республикада болып жатқан барлық оқиғаларға жауапты екенін атап өтеді, және де әр билік тарабының халық алдында толықтай жауап беруі үшін бүкіл күш жігерін салып тырысатынын айтады [4, б.25].

Конституцияға өзгерістер енгізу қажеттігі туралы идеяларды Жоғарғы Кеңес пен Президент жақсы түсінген болатын. Мысалы, Министрлер Кабинеті негізгі жұмысты конституциялық заңнама мен

адам құқығы бойынша жүргізеді. Олардың жоспарында ҚР Жоғарғы Кеңесі туралы, «ҚР Конституциялық Кеңесі», «Конституциялық өндіріс туралы», және де Министрлер Кабинетінің мәртебесі, ҚР соттар мен судьялардың құқықтық мәртебесі туралы жаңа заң жобаларын әзірлеу болған.

Жоғарғы Кеңестің басты міндеті кезең-кезеңмен конституциялық реформаларды жүргізу болатын. Парламентарилердің жоспарлары бойынша Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі туралы Заңда Парламентке атқарушы билік органдарының бағынуы есебінен олардың өкілеттіктері кеңейтілді. Сонымен бірге, депутаттар тіл мәртебесі, жерге жеке меншік, азаматылық туралы Заңдарды бұрынғы қалпында қалдыруды ұсынды [5, б.112].

Қазақстандық қоғам алдында тұрған Президент, Парламент және Үкімет сияқты күрделі сұрақтарды және олардың арасындағы өзара қатынас сұрақтарын Конституция мазмұнын түбегейлі өзгертпей шамалы өзгерістер мен толықтырулар енгізу шеше алмайтынын тәжірибе көрсетті. Яғни, жаңа Конституция жобасын жасау сұрағы тұрды [192, б.119].

Осындай күрделі жағдайда жобасы Жалпы халықтық референдумда ұсынылған жаңа Конституция әзірленіп жатты. 1995 жылдың 30 тамызында көпшілік дауыспен жаңа Конституция жобасы қабылданған болатын [2, б.121].

Президенттің маңызды конституциялық өкілеттерінің бірі Республиканың мемлекеттік бағдарламаларын бекіту болып табылатынын атап өту керек [6, б.105].

Мысалы, «Қазақстан – 2030»: Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы атты Президент Н.Ә.Назарбаевтың 1997 жылғы қазандағы Қазақстан халқына Жолдауы тарихи сипатқа ие болды. Бұл Жолдауда ол ұлт алдындағы 7 ұзақ мерзімді басымдықтарды атап өтті: Ұлттық қауіпсіздікті сақтау; Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуын нығайту; Үлкен көлемдегі шетел инвестициясы тарту арқылы экономиканы дамытуға негізделген экономикалық өсу; ары қарай денсаулық, білім, энергетикалық ресурстар, көлік, байланыс және тағы басқалар [7].

Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін 7 ұзақ мерзімді басымдықтар анықталған. Бұлар жаңа бағыттың экономикалық саясаты, кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау, әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері, заманауи білім беру жүйесінің негізгі бағдары, мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны

дамыту, дәйекті және болжамды сыртқы саясат, жаңа Қазақстандық патриотизм. Бұған қоса Стратегияда «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қамтылған болатын.

«Қазақстан-2050» Стратегиясындағы ерекше орынды Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы алып жатқанын айта кету керек. Бағдарламаның мақсаты экономиканың орнықты дамуына ықпал ететін Қазақстан Республикасының әрбір азаматы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, қазақстандық білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Әсіресе екінші реформа – азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдету үшін сот жүйесі инстанцияларын оңтайландыру көзделген заң үстемдігіне тоқтай кеткіміз келеді. Нақтырақ айтсақ, бес сатылы сот жүйесінен үш сатылы сот төрелігі жүйесіне көшу арқылы судья лауазымына үміткерлерді іріктеу тетігі мен біліктілік талаптарын қатаңдату; мемлекеттік басқару Академиясының құрылымынан сот төрелігі институтының бөлініп шығуы; судьялардың есеп беру тәртібін күшейту және судьялардың жаңа этикалық кодексін жасау. Және де барлық сот процестеріне бейне және таспаға жазу, сотта айыпталушы және қорғаушы арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету, Жоғарғы Сотта ірі инвесторлар қатысатын дауларды қарау үшін инвестициялық алқаны ұйымдастыру. Азаматтық-құқықтық даулар жөніндегі соттарға прокурордың қатысуын қысқарту, сот орындаушыларының мемлекеттік қызметін біртіндеп қысқарту. Полиция қызметкерлерін іріктеу жүйесін жақсарту, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін мемлекеттік қызмет жүйесіне қосу, жергілікті полиция қызметін құру және басқалар [8].

Сот билігінің заң шығару және атқару билігімен бір деңгейде тұруы демократиялық мемлекеттің белгісі. Сот билігін басқа мемлекеттік биліктік құрылымдардан бөлу, мемлекеттің құқықтық жоғарлығы принципін, соның ішінде бостандық пен әділдік идеясын жүзеге асыруға нақты түрде жылжуын көрсетеді.

Сот билігінің негізгі мақсаты – қоғамның мүшелерін кез келген бассыздықтан қорғау, яғни басқа азаматтардың бассыздығынан, мемлекеттің, оның органдары мен лауазымды тұлғалардың теріс әрекеттерінен қорғау болып табылады. Мұндай қызметті жүргізбей

мемлекет құқықтық деп есептелінбейді. Қоғамда пайда болатын даулардың құқық негізінде шешілуін қамтамасыз ете отырып, қоғамдық өмірдің барлық субъектілерінің заңға бағынуы, сот билігінің заң шығару мен атқару биліктерінен оқшаулануында және олардың қызметіне құқықтық қадағалауды жүзеге асыруында маңызды роль атқарады. Егер де сот билігі Конституцияға сәйкес заң шығару мен атқару билігінің қызметтерін бағалау мүмкіндігі болса, бұл функция нәтиже береді.

Президент сот-құқықтық реформасына біздің егеменді мемлекетіміз құрылған сәттен бастап ерекше көңіл бөле бастағанын айта кету керек. Президент сонау 1994 жылдың 12 ақпанында біздің мемлекетіміздегі сот құқықтық реформасының қарқынды дамуына бастама берген «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның Мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қаулы қабылдаған болатын. Басталған реформалардың жалғасы болып 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығы табылды.

Парламент Сенатының депутаты С.Б. Ақылбайдың мәліметтері бойынша, Президент 1996 мен 2005 жылдар аралығында құқықтық реформаға қатысты 145 Заң жобасын ұсынған. Олардың қатарында, «Алқабилер туралы», «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» және т.б. [9].

Жоғарыда келтіргендер, біздің елдегі сот билігі тармағының ерекше тарихы барын куәландырады, өйткені, ол Қазақстан үшін ауыр жағдайда қалыптасып, дами отырып Қазақстан Республикасындағы ұлттық мемлекеттілікті ары қарай құруды қамтамасыз етуде өзінің маңызды позитивті рөлін ойнады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Турецкий Н.Н. Законодательная ветвь власти Казахстана: Монография. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2011. – 336 .
2. Зиманов С.З. Конституция и Парламент Республики Казахстан. – Алматы: Жеты-Жаргы, 1996. – 352 с.
3. Сапарғалиев Г.С. Конституционное право Республики Казахстан. – Алматы: Жеті-Жарғы, 2014. – 544 с.

4. Малиновский В. Глава государства суверенного Казахстана. – Алматы: ВШП «Аділет», 1998. – 242 с.

5. Сартаев С.С., Назаркулова Л.Т. Становление Конституции Республики Казахстан: проблемы и перспективы. – Алматы: Изд.дом «Кітап», 2002. – 407 с.

6. Сапарғалиев Г., Мухамеджанов Б., Жанузакова Л., Сакиева Р. Правовые проблемы унитаризма в Республике Казахстан. – Алматы: Жеті-Жарғы, 2000. – 312 с.

7. Долгосрочная стратегия развития Казахстана "Казахстан - 2030" и Программы Республики Казахстан / <http://www.akorda.kz/ru> сайты пайдаланылды.

8. Елбасы Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы / <http://ortcom.kz/ru/program/program-100steps/text/show> – сайты пайдаланылды.

9. Акылбай С.Б. Актуальные проблемы дальнейшего совершенствования правосудия в Республике Казахстан // Государственная управление и государственная служба. – Астана, 2007.

ТЕРРОРИСТ ҚЫЛМЫСҚЕРДІҢ ТҰЛҒАСЫ

Рахымжан Ә.Т., 1 курс магистранты

Ғылыми жетекші: Өзбеков Д.Ө., қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының профессорының ассистенті, заң ғ.к.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Терроризм – қазіргі таңда бүкіл дүниежүзін алаңдатып отырған ең қауіпті, ең күрделі, сондай-ақ, аса жоғары қарқынмен өршіп келе жатқан қауіпті қылмыс болып табылады.

Террористік бағыттағы қылмыстарды зерттеуде террорист қылмыскердің тұлғасын криминологиялық және психологиялық тұрғыдан қарастыру маңызды. Себебі дәл осы қылмысқа баратын тұлғаларды қандай мақсат итермелейтінін немесе қандай себеппен осындай әрекеттерге баратынын анықтау арқылы, біз бұл қылмыс түрін алдын алу және жалпылама жою мүмкіндігіне ие боламыз.

Террористік қылмысты жүзеге асыратын тұлғаға, яғни террористтің тұлғасын зерттеуге қазіргі таңда құқық қорғау органдары, арнайы мамандар және ғалымдар зерттеу жүргізуде. Шет